КОПИЯ

«Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысының шешімімен

«Бекітілген»

2006ж. «11» сәуір
№1 хаттама

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігімен «Келісілген»

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2004ж. 26 мамыр заңды тұлғаға мемлекеттік есепке тіркеу жүргізілді № 3941-1900-АК куәлік Алғашқы тіркеу күні 1998ж. 17 қыркүйек

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2006ж. «19» мамыр жарғыға (1998ж. «17» 09 № 3941-1900АК куәлік) енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

«Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамының

ЖАРҒЫСЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2006ж. «12» бұзан жарғыға (1994ж. «26» наурыз № 3941-1900АК куәлік) енгізілген өзгертулер мен толықтырулар тіркелді

ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН ЖАРАМДЫ 2006.12.10

Алматы қ., 2006 жыл

СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

1-БАП.
ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстан Эксимбанкі » акционерлік қоғамының (бұдан былай– «Банк») осы Жарғысы (бұдан былай – «Жарғы») Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Банктің атауы:

Толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы;
Орыс тілінде: Акционерное общество «Эксимбанк Казахстан»;
Ағылшын тілінде: «Eximbank Kazakhstan» Joint Stock Company.

Қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде: АҚ «Қазақстан Эксимбанкі»;
Орыс тілінде: АО «Эксимбанк Казахстан»;
Ағылшын тілінде: «Eximbank Kazakhstan» JSC.

1.3. Банктің және атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 80.

1.4. Банктің қыземт атқару мерзімі шектелмеген.

2-БАП.
БАНКТІҢ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Банк келесі жолдармен құрылған:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі» мемлекеттік кәсіпорнының 1998 жылғы 26 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкін қайта құру туралы» №805 қаулысының негізінде «Қазақстан Эксимбанкі» жабық акционерлік қоғамына өзгеру;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2002 жылғы 27 маусымдағы №111 бұйрығының негізінде Банк «Қазақстан Эксимбанкі» ашық акционерлік қоғамы болып атауын өзгертті;,
- 2004 жылғы 31 наурыздағы акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2004 жылғы 26 мамырда берген заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы №0020024 куәлікке сәйкес Банк «Қазақстан Эксимбанкі» акционерлік қоғамы деп атауын өзгертті.

2.2. Банк өз қызметінде Конституцияны, Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарды (келісімдерді), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заң актілерін және Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының негізінде және оларды орындау үшін шығаратын нормативтік құқықтық актілерін, осы Жарғыны және Банктің ішкі ережелерін (қағидаттарын) басшылыққа алады.

2.3. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, ол осы Жарғыға сәйкес және Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі берген лицензиялар негізінде банктік және баска операцияларды атқарады, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды, міндеттерді иеленуге және жүзеге асыруға, сотта шағым беруші, жауап беруші, үшінші тұлға болуға құқылы, дербес балансқа, логотипке, фирмалық атауы көрсетілген мөрге, эмблемаға, үлгілерін Банктің директорлар Кеңесі бекітетін бланктерге ие.

2.4. Банктің акционерлерінің мүлкінен бөлек мүлкі бар, өзінің жеке корреспонденттік шоттары мен басқа шоттарын ашады.

2.5. Банк заңмен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде еншілес ұйымдарын, филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқылы.

2.6. Банктің, соның ішінде ол құрған филиалдар мен өкілдіктердің мүлкі оған жеке меншік құқығында тиесілі және келесілердің есебінен құрылады:
а) Жарғылық капиталды құрғанда Банк алатын ақшаның;
б) Банк қызметінен алатын кірістерінің;
в) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша ие болған басқа мүліктің және мүліктік құқықтардың.

2.7. Банк өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеп алынуы мүмкін өзінің барлық мүлкімен жауапкершілік көтереді.

2.8. Банк акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейді, ал Банк акционерлері Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа уақытта өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Банк қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

2.9. Банк белгіленген тәртіпте Қазкстан Республикасының аумағында өзінің фирмалық атауын тіркейді.

3-БАП.
БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

3.1. Банк қызметінің мақсаты Банк, қазіргі және болашақ акционерлер үшін пайда алу мақсатында банктік заңнамамен, лицензиямен және Банк Жарғысымен қарастырылған операцияларды атқару болып табылады.

3.2. Банк қызметінің мәні:
а) Негізгі құралдарды құру және жаңарту үшін ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
б) Корпоративті клиенттердің жұмыс капиталын қаржыландыру;
в) Сауда қаржыландыру;
г) Басқа кредиттік мекемелер беретін земдер бойынша кепілдік міндеттемелерін беру;
д) Бағалы қағаздар рыногында қызмет атқару;
е) Жарғылық капиталдарға инвестициялар атқару;
ж) Басқа банктердің және қаржы мекемелерінің қарыздық міндеттемелері мен кепілдіктерін сатып алу және сату;
з) Жобалардың сараптамаларын, соның ішінде шетелдік компанияларды тарту арқылы ұйымдастыру және өткізу, жеке меншік және тартылған кредиттік ресурстардың есебінен қаржыландыру үшін оларды таңдау;
и) Банктің ерекшелігімен шартталған және Қазакстн Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да функцияларды атқару.

3.3. Аталған мақсаттарына жету үшін Банк банктік және банк қызметіне жатқызылған басқа операцияларды уәкілетті органның лицензиясына сәйкес атқарады.

3.4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен екінші деңгейлі банктерге рұқсат етілген басқа да операциялар мен мәмілелерді Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте және шарттарда уәкілетті органдар берген сәйкес лицензия болғанда атқаруға құқылы.

4-БАП.
БАНКТІҢ КІРІСТЕРІ, РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҚОРЛАРЫ

4.1. Банктің қызмет нәтижесінде алған кірістері салықтарды және бюджетке төленуге тиісті басқа да төлемдерді төлегеннен кейін Банктің меншігінде қалады және Резервтік капиталды, Банктің басқа қорларын толтыру, акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады, сондай-ақ Банктің дамуына немесе акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған басқа мақсаттарға Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес бағытталады.

4.2. Резервтік капитал акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте жай акциялар бойынша дивидендтер төлегенге дейін Банктің таза кірісінің есебінен қаржы нәтижелері бойынша құрылады және өткен жылдардағы шығындарды жабу үшін, Банк қызметінің өндірістік және әлеуметтік дамуы үшін пайдаланылады.

4.3. Банктің резервтік капиталының мөлшері акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталады және уәкілетті орган белгілеген ең төменгі мөлшерден аз болмайды.

4.4. Резервтік капиталды және басқа қорларды құру жән пайдалану тәртібі Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен анықталады. Банктің қорларына өкімдік ету Банктің бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатады.

5-БАП.
БАНКТІҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

5.1. Банк жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

5.2. Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқаша белгіленбесе, бір түрдегі акция ие болып табылатын әрбір акционерге осы акция түрінің басқа иеленушілерімен бірдей құқықтар көлемін береді.

5.3. Банк шығару, орнықтыру, айналу, өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамамен белгіленетін облигациялар және басқа бағалы қағаздар, соның ішінде конверсияланатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

5.4. Жай акция акционерге дауыс беруге салынатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банктің таза кірісі болғанда дивидендтерді алу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тарағанда Банк мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді. Жай акцияларға ие болып табылатын акционерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтар беріледі.

5.5. Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған жағдайлардан басқа уақытта артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын бермейді.

5.6. Төмендегідей болса, артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға қатысу құқығын береді:

а) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акциялардың иегері болып табылатын акционердің құқықтарын шектейтін мәселені қарастырады. Шектеуге орнықтырылған (сатып алынғандарын шығарып тастағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі қолдап дауыс берген жағдайда ғана осындай мәселе бойынша шешім қабылданды деп саналады;

б) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысы Банкті қайта құру немесе тарату туралы мәселені қарастырады;

в) Артықшылықты акция бойынша дивиденд төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбесе.

5.7. Акциялар шығару, орнықтыру, айналу, сондай-ақ олар бойынша дивидендтер төлеу процедурасы мен тәртібі акциялар шығарылымы проспектімен белгіленеді.

5.8. Банк акциялары ұстаушылары реестрлер жүйесінен алынған үзінді жазбалар акционерлердің төлеген акцияларына құқықтарын растайтын құжаттар болып табылады.

5.9. Қосымша қаражаттар тарту үшін Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте купонды, дисконтты және конверсияланатын облигациялар шығаруға құқылы. Банк шығаратын облигациялар халықаралық болуы мүмкін.

5.10. Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және шетел валютасында анықталуы мүмкін. Облигациялар шығарылымы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуге тиіс.

5.11. Банк директорлар Кеңесінің шешімі бойынша өзі шығаратын бағалы қағаздарды орнықтыруға опциондар жасауға құқылы.

5.12. Акционерлердің Жалпы жиналысы белгілеген облигациялар шығарылымының шарттарына сәйкес Банктің облигациялары бойынша сыйақы (мүдде) төленеді және облигациялар өтеледі.

5.13. Тәуелсіз тіркеуші (Банктің бағалы қағаздар ұстаушылар реестрлер жүйесін жүргізу жөніндегі кәсіби қызмет атқаратын ұйым) Банктің директорлар Кеңесі бекітетін Банктің бағалы қағаздар ұстаушылар реестрлері жүйесін жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы шарт негізінде Банктің акциялары мен басқа бағалы қағаздар ұстаушылар реестрлері жүйесін құрастырады, жүргізеді және сақтайды. Банктің аффилиирленген тұлғасы және оның аффилиирленген тұлғалары болып табылмайтын Банк тіркеушісі ғана Банк акциялар ұстаушылар реестрлер жүйесін жүргізеді.

6-БАП.
ДИВИДЕНДТЕР ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер ақшалай, сондай-ақ акционердің жазбаша келісімімен Банк шығаратын бағалы қағаздармен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді.

6.2. Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтер төленетін күн басталатын күннің алдындағы күні құрастырылуы керек.

6.3. Банк акциялары бойынша акционерлерге жыл қорытындылары бойынша дивидендтер төленеді.

6.4. Жыл қорытындылры бойынша Банктің дивидендтерін төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық Жалпы жиналысымен қабылданады.

6.5. Банк акциялары бойынша акционерлерге дивидендтер директорлар Кеңесінің шешімі бойынша тоқсан немесе жарты жыл қорытындылары бойынша төленуі мүмкін.

6.6. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім келесі мәліметтерді қамтуы керек:
а) Банктің атауы, орналасқан жері, банктік және басқа деректемелері;
б) Дивидендтер төленетін кезең;
в) Бір жай акцияға есептегендегі дивидендтің мөлшері;
г) Дивидендтерді төлеу басталған күн;
д) Дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.

6.7. Басқарма әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберіп, дивидендтер төленетін жер мен уақыт туралы хабарлайды.

6.8. Банк акциялары бойынша дивидендтерді төлеуге жол берілмейді:
а) Жеке меншік капиталы теріс болғанда немесе Банктің жеке меншік капиталының мөлшері акциялар бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріске айналатын болса;
б) Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздік немесе қабілетсіздік белгілеріне жауап беретін болса немесе аталған белгілер Банкте акциялар бойынша дивидендтерді есептеу нәтижесінде пайда болатын болса.

7-БАП.
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Банк акционерлері құқылы:
а) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
б) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте дивидендтер алуға;
в) Банк қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде осы Жарғымен белгіленген тәртіпте Банктің қаржы есебімен танысуға;
г) тіркеушіден немесе номинал ұстаушыдан бағалы қағаздарға деген меншік құқығын растайтын үзінді жазба алуға;
д) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына Банктің директорлар Кеңесіне сайлауға кандидатуралар ұсынуға;
е) Банк органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
ж) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұраулар жіберуге, Банкке сұрау келген күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
з) Банк тараған жағдайда мүліктің бір бөлігін алуға;
и) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Банк акцияларын немесе акцияларға конверсияланатын басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
к) Банк органдары Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының нормаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға баруға;

л) Жеке өзі немесе өкілі арқылы қарастырылатын мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге.

7.2. Осы баппен қарастырылған акционерлердің құқықтары толық емес. Акционерлер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды пайдалана алады.

7.3. Банк акционерлері міндетті:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте, мөлшерде, әдістермен және мерзімде акциялар төлеуге;

б) он күннің шінде тіркеушіге және өзіне тиесілі акциялардың номинал ұстаушысына Банк акциялар ұстаушылар реестрлерін жүйесін жүргізу үшін қажетті мәліметтерде өзгерістер болғандығы туралы он күннің ішінде хабар беруге;

в) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа Банк туралы ақпаратты таратпауға;

г) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес басқа міндеттемелерді орындауға.

8-БАП.
БАНКТІ БАСҚАРУ

8.1. Банк органдары:

а) жоғарғы орган – акционерлердің Жалпы жиналысы

б) басқару органы – директорлар Кеңесі;

в) атқарушы орган - Басқарма;

г) бақылаушы орган – ішкі аудит Қызметі.

9-БАП.
АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

9.1 Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк жыл сайын акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын өткізіп отыруға міндетті. Акционерлердің басқа Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуі кеерк. Есеп кезеңі ішінде Банк аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған деп саналады.

9.2 Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

а) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

б) Корпоративті басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;

в) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

г) Банктің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау немесе Банктің орнықтырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту;

д) Санақ комиссиясының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

е) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар Кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен төлем талаптарын анықтау;

ж) Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды белгілеу;

з) жылдық қаржы есебін бекіту;

и) Есеп қаржы жылы ішіндегі Банктің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау, Банктің бір жай акциясына есептегендегі жыл қорытындылары бойынша дивиденд мөлшерін бекіту;

к) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайлар басталғанда Банктің акциялары бойынша дивидендтер төлемеу туралы шешім қабылдау;
л) Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе оның қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
м) Банк акционерлерінің Жалпы жиналысына шақыру туралы хабарлама нысанын белгілеу, осындай ақпаратты басылымда беру туралы шешім қабылдау;
н) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің акцияларды сатып алу кезінде оның құнын анықтау әдісін бекіту;
о) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
п) Банк қызметі туралы ақпаратты акционерлерге беру тәртібін, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын белгілеу;
р) «алтын акция» енгізу және жою;
с) Банктің жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
т) Заңмен және Банктің Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

9.3. Осы баптың 9.2 тармағының а)-г) тармақшаларында аталған мәселелер бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдері Банктің дауыс беру акцияларының жалпы санының маманданған көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің Жалпы жиналысының басқа мәселлер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беру акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

9.4. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Банктің басқа органдарының кез келген шешімін алып тастауға құқылы.

9.5. Директорлар Кеңесі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақырады.

9.6. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы төмендегілердің бастамасы бойынша шақырылады:
а) Директорлар Кеңесінің;
б) Ірі акционердің.

9.7. Банк ерікті тарайтын жағдайда Банктің тарату комиссиясы акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақара алады, әзірлей алады және өткізе алады.

9.8. Акционерлердің Жалпы жиналысын әзірлеп, өткізетіндер:
а) Басқарма;
б) Жасалған шартқа сәйкес Банк тіркеушісі;
в) Директорлар Кеңесі;
г) Банктің тарату комиссиясы.

9.9 Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа уақытта Банк акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу, өткізу шығындарын көтереді.

9.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген акционерлердің жылдық Жалпы жиналысын шақыру тәртібін Банк органдары бұзған жағдайда акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап арызымен қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін. Банк органдары акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда Банк акционерлерінің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің ірі акционерінің талап арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылып, өткізілуі мүмкін.

9.11. Ірі акционердің бастамасымен акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы келесідей шақырылып, өткізіледі:

а) Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы талап жиналыстың күн тәртібі қамтылтын сәйкес жазбаша хабарламаны Банктің атқарушы органы орналасқан жерге жіберу арқылы директорлар Кеңесіне ұсынылады.

б) Директорлар Кеңесі аталған талапты алған күнінен бастап он күннің ішінде шешім қабылдап, акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы хабарды осындай талапты берген тұлғаға жіберуге міндетті. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы ұсынылған талапқа сәйкес шақырылған жағдайда директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін өзі қалаған мәселелермен толықтыруға құқылы.

9.12. Акцмионерлердің Жалпы жиналысы өтетін күн мен уақыт жиналысқа қатысуға құқылы тұлғалардың ең көп саны қатыса алатындай белгіленуі керек.
Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің атқарушы органы орналасқан елді мекенде өткізілуі керек.

9.13. Акционерлер болатын Жалпы жиналыс туралы отыз күнтізбелік күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда жиналыс өтетін күнге дейінгі қырық бес күннен кешіктірілмей хабардар болулары керек.

9.14. Акционерлердің Жалпы жиналысы өтетіндігі туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы керек және (немесе) акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады. Акционерлердің Жалпы жиналыс өтетіндігі туралы хабар мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында Жалпы жиналысты өткізу туралы хабар берілген күннен бастап немесе акционерлерге жазбаша хабар жіберілген күннен бастап есептеледі. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бұқаралық ақпарат құралдарында акционерлердің Жалпы жиналысының өтетіндігі туралы хабар жарияланған жағдайда осындай хабар жарияланған соңғы күннен бастап Жалпы жиналыс өтелетіндігі туралы хабар акционерлерге берілді деп есептеле бастайды.

9.15. Банк акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабардың мазмұны Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес болуы керек.

9.16. Акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысы акционерлердің алғашқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы өтеді деп белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте белгіленбейді. Акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысы өтеді деп белгіленген жерде өткізілуі керек.
Акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен ерекшеленбеуі керек.

9.17. Директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін жасайды, күн тәртібі талқылануға салынатын мәселелердің толыққанды тізімін қамтуы керек. Ірі Акционер немесе директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін толықтыра алады, бірақ Банк акционерлері осындай толықтырулар туралы акционерлердің Жалпы жиналысы өтетін күнге дейінгі он бес күннен кешіктірілмей білулері керек. Қатысу тәртібінде өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысы ашылған жағдайда директорлар Кеңесі күн тәртібіне өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды алғандығы туралы хабарлауға міндетті.

9.18. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі жиналыста ұсынылған Банктің дауыс беру акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен бекітіледі.

9.19 Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған және Банктің дауыс беру акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері) қолдап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізіледі. Акционерлердің Жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды. Акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарастыруға және шешім қабылдауға құқықсыз.

9.20 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар осы мәселелер бойынша негізді шешім қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат қамтуы керек және жиналыс өтетін күнге дейінгі он күннен кешіктірілмей акционерлердің танысуы үшін әзір болуы керек.

9.21 Жиналыс қатысушыларын тіркеу аяқталған кезде Банктің дауыс беру акцияларының елу және одан да көп пайызына ие, акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелген болса, акционерлердің Жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдауға құқылы болады.

9.22 Болмай қалғанның орнына акционерлердің қайтадан өтетін Жалпы жиналысы төмендегі жағдайларда күн тәртібінің мәселелерін қарастырып, шешім қабылдауға құқылы:

а) Кворумның болмау себебіне байланысты болмаған акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

б) Қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған Банктің дауыс беру акцияларының қырық және одан да көп пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), сондай-ақ сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса.

9.23 Акционерлердің Жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттіктерін растайтын сенімхатын көрсетуге міндетті.
Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге құқықсыз. Басқа тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналысына акционерлердің, директорлар Кеңесінің және Банк Басқармасының шақыруымен ғана коммерциялық құпия болып табылмайтын мәселелерді талқылау кезінде қатыса алады және дауыс беру құқығынсыз Жалпы жиналыста сөз сөйлей алады.

9.24 Кворум болған жағдайда акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің (өкілдерінің) барлығы тіркеліп, жиналыстың ашылу уақытын өзгерту туралы хабардар болып, оған наразы болмаған жағдайлардан басқа уақытта акционерлердің Жалпы жиналысы жарияланған уақытынан ерте ашылмайды.

9.25 Акционерлердің Жалпы жиналысы жиналыс төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлайды және дауыс беру нысанын – ашық немесе құпия (бюллетеньдер бойынша) анықтайды.

9.26 Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлау жөніндегі мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысып отырғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады. Жиналысқа қатысып отырған акционерлердің барлығы атқарушы органға кіретін жағдайдан басқа уақытта атқарушы органның мүшелері акционерлердің Жалпы жиналысында төраға бола алмайды.

9.27 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның Төрағасы қарастырылып отырылған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату, сондай-ақ дауыс беру әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.

9.28. Акционерлердің Жалпы жиналысы өз жұмысына үзіліс жасау туралы, жұмыс мерзімін ұзарту туралы, соның ішінде күн тәртібінің жекелеген мәселелерін талқылауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

9.29. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелерін қарастырып, олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жарияланады.

9.30. Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру төмендегі жағдайлардан басқа кездері «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүргізіледі:

а) Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайларда бір акционерге берілетін акциялар бойынша дауыс берудің максималды саны шектелгенде;

б) Директорлар Кеңесі мүшелерін сайлау кезінде кумулятивті дауыс берілгенде;

в) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы әрбір тұлғаға жиналысты өткізу процедуралық мәселелер бойынша бір-бір дауыстан берілгенде.

9.31. Кумулятивті дауыс беру кезінде акционерлер акциялар бойынша берілетін дауыстарын толығымен директорлар Кеңесінің мүшелігіне ұсынылған бір кандидатқа бере алады немесе директорлар Кеңесінің мүшелігіне ұсынылған бірнеше кандидаттардың арасында бөліп бере алады. Ең көп дауыс берілген кандидаттар директорлар Кеңесіне сайланды деп саналады.

9.32. Акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы хаттамасындағы мәліметтердің толық әрі шынайы болуы үшін жауап береді.

9.33. Хаттамаға қол қоюға міндетті тұлға қол қоя алмайтын жағдайда берілген сенімхаттың негізінде оның өкілі хаттамаға қол қояды. Хаттамаға қол қоюға міндетті қандай да бір тұлға хаттаманың мазмұнымен келіспесе, аталған тұлға бас тартуының себебін жазбаша түсіндірмесін беріп, бас тартуға құқылы, осы түсіндірмесі хаттамаға қоса тігіледі.

9.34. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру нәтижелері туралы хаттамамен, Жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себебінің жазбаша түсіндірмелерімен қоса тігіледі.

9.35. Дауыс беру нәтижелері немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлерге Жалпы жиналыс жабылғаннан кейін он күннің ішінде әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы жарияланады.

9.36. Басқарма осы Жарғының 9-бабының 9.34 тармағында аталған құжаттарды Хаттамалар кітабына тіркеп, сақтауы керек және кез келген уақытта акционерлердің танысуы үшін береді. Акционердің талап етуі бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

10-БАП.
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

10.1. Банктің диекторлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысымен сайланады. Директорлар Кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа мәселелер бойынша Банк қызметіне жалпы басшылық жасайды.

10.2. Директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне төмендегі мәселелер жатады:

а) Банк қызметінің басым бағыттарын белгілеу;

б) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

н) акцияларды орнықтыру (тарату), жарияланған акциялар саны шегінде орнықтырылған (таратылған) акциялардың саны, әдісі және орнықтыру (тарату) бағасы туралы шешім қабылдау;
п) Банктің орнықтырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы, сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
р) Банктің жылдық қаржы есебін алдын-ала бекіту;
с) Есеп қаржы кезеңі ішінде төленетін дивидендтерден басқа жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін анықтау;
т) Банк облигацияларының және туынды бағалы қағаздарының шығарылым талаптарын белгілеу;
у) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, басшысы мен мүшелерін (атқарушы органның қызметін дара атқаратын тұлғаны) сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
ф) Лауазымдық жалақылардың мөлшерін, атқарушы органның сандық басшысы мен мүшелеріне (атқарушы органның қызметін дара атқаратын тұлғаға) төленетін еңбекақы мен сыйақы талаптарын белгілеу;
х) Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін белгілеу, ішкі аудит қызметі жұмыскерлеріне төленетін еңбекақы мен сыйақы мөлшері мен талаптарын белгілеу;
ц) Бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызмет төлемінің мөлшерін белгілеу;
ч) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған Басқарманың Банк қызметін ұйымдастыру үшін қабылдаған құжаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылғандары жатпайды);
ш) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде Банк филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту;
щ) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерде еншілес ұйымдарды құру, иелену және жабу туралы шешім қабылдау;
ы) Банктің басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
р) Жеке меншік капитал мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын көлемге Банк міндеттемелерін ұлғайту;
с) Бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Банк тіркеушісін сайлау;
т) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты белгілеу;
у) Іри мәмілелер және Банк жасауға мүдделі мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
ф) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін құрастыру;
х) акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылмаған басқа мәселелер.

10.1 Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер атқарушы органның шешуіне берілмейді.

10.4 Директорлар Кеңесі осы Жарғымен Банктің атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға және акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қарама-қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқықсыз.

10.5 Директорлар кеңесінің мүшелері кумулятивті дауыс беру арқылы сайланады. Директорлар Кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болады. Банктің директорлар Кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз диреторлардан құралуы керек.

10.6 Директорлар Кеңесінің мүшелері төмендегілердің қатарынан сайланады:
а) Акционерлердің – жеке тұлғалардың;
б) Директорлар кеңесіне акционерлердің мүддесін танытушылар ретінде сайлауға ұсынылған (ұсқау берілген) тұлғалардың;

в) Банк акционерлері болып табылмайтын және директорлар Кеңесіне акционердің мүддесін танытушы ретінде сайлауға ұсынылмаған (нұсқау берілмеген) басқа жеке тұлғалардың. Осындай тұлғалардың саны директорлар Кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы керек.

10.7 Атқарушы органның басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлар Кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

10.8 Директорлар Кеңесінің құрамына сайланатын тұлғалар жоғары білімді болуы керек және Қазақстан Республикасының заңнамасымен банктің басшы жұмыскерлеріне қойылатын басқа талаптарға сәйкес болуы керек.

10.9 Банктің директорлар Кеңесінің мүшелері уәкілетті органның кандидатуралар бойынша берген келісімімен лауазымға сайланады.

10.10 Банк уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібін келіседі. Банктің директорлар Кеңесінің мүшелері уәкілетті органның келісімінсіз сайлау күнінен бастап көп дегенде алпыс күнтізбелік күн қызмет атқаруға құқылы.

10.11 Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар бірнеше рет қайта сайлана алады. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімін акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі жаңа директорлар Кеңесі сайланатын акционерлердің Жалпы жиналысы өтіп жатқан кезде аяқталады.

10.12 Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

10.13 Директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіктері оның бастамасы бойынша директорлар Кеңесіне берген жазбаша хабарламасының негізінде мерзімінен бұрын тоқтайды. Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттіктері аталған хабарламаны алған кезде тоқтайды.

10.14 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтаған жағдайда, директорлар Кеңесінің жаңа мүшесі акционерлердің Жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивті дауыспен сайланады, мұнда жаңадан сайланған директорлар Кеңесі мүшесінің өкілеттіктері жалпы директорлар Кеңесінің өкілеттіктері аяқталатын мерзімде аяқталады.

10.15 Директорлар кеңесінің төрағасы ашық дауыс беру арқылы мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен олардың арасынан сайланады.

10.16 Директорлар кеңесі кез келген уақытта Төрағасын қайта сайлауға құқылы.

10.17 Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Банктің директорлар Кеңесінің қызметіне басшылық жасаумен байланысты басқа да функцияларды атқарады.

10.18 Төраға болмаған жағдайда оның қызметтерін директорлар Кеңесінің шешімі бойынша директорлар Кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

10.19 Директорлар Кеңесінің отырысы Төрағаның немесе Банк Басқармасының бастамасымен немесе келесілердің талап етуі бойынша шақырылады:

а) Директорлар Кеңесінің кез келген мүшесінің;
б) Банктің ішкі аудит Қызметінің;
в) Банк аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымның;

1) ірі акционердің.

10.20 Директорлар Кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар Кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібін қамтыған сәйкес жазбаша хабарлама жіберу арқылы директорлар Кеңесінің Төрағасына беріледі. Директорлар Кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастама көтеруші атқарушы органға аталған талаппен баруға құқылы, ол міндетті түрде директорлар Кеңесінің отырысын шақыруы керек.

10.21 Директорлар Кеңесінің отырысын директорлар Кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма отырыс туралы талап келген күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруы керек. Директорлар Кеңесінің отырысы аталған талапты берген тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

10.22 Отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар қоса берілетін директорлар Кеңесі отырысының өтетіндігі туралы жазбаша хабарлама директорлар Кеңесінің мүшелеріне әдетте отырыс өтетін күнге дейінгі қалған үш күннен кешіктірілмей жіберіледі. Күтілмейтін жағдайларда директорлар Кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама директорлар Кеңесінің отырысы өтетін күнге дейін қалған бір күн бұрын жіберіледі. Директорлар Кеңесінің отырысының өтетіндігі туралы хабарлама отырыс өтетін күн, уақыт және жер, сондай-ақ күн тәртібі туралы мәліметтерді қамтуы керек.

10.23 Директорлар Кеңесінің мүшесі директорлар Кеңесінің отырысына қатыса алмайтындығы туралы атқарушы органға алдын-ала хабарлауға міндетті.

10.24 Отырыска директорлар Кеңесі мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысса, директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум қамтамасыз етілген деп саналады.

10.25 Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғымен белгіленген кворум үшін жеткіліксіз болса, директорлар Кеңесі өзінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар Кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру тралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

10.26 Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, директорлар кеңесі Төрағасының немесе отырыста төраға болған тұлғаның даусы шешуші болып табылады.

10.27 Директорлар Кеңесі өз мүшелері ғана қатысатын жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

10.28 Қатысу тәртібінде өткізілген отырыста қабылданған директорлар Кеңесінің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оны отырыста төраға болған тұлға, директорлар Кеңесінің Хатшысы отырыс өткізілген күннен бастап үш күннің ішінде жасап, қолдарын қояды.

10.29 Директорлар Кеңесінің Хатшысы директорлар Кеңесімен сайланады және директорлар Кеңесінің отырысын әзірлеумен және өткізумен байланысты техникалық мәселелермен айналысады. Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары Банк мұрағатында сақталады. Директорлар Кеңесінің Хатшысы директорлар Кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша отырыс хаттамасын танысу үшін беруге және (немесе) хаттамадан Банк Басқармасы Төрағасының (немесе Басқармасы Төрағасының Орынбасарының) қолымен және Банк мөрінің таңбасымен куәландырылған үзінді жазбалар беруге міндетті.

10.30 Директорлар Кенесі мүшелерінің міндеттеріне жататындар:

а) Банк мүлдесінде өз лауазымдық функцияларын адал атқару;
б) Тарапы Банк болып табылатын немесе болуға ниеттенген мәмілелерден туындаған Банк үшін кез келген қаржы тиімділіктері туралы директорлар Кеңесіне хабар беру.

10.11 Осыған жүктелген міндеттерді бұзып, Банкке зиян келтірген директорлар Кеңесінің мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

11-БАП.
БАСҚАРМА

11.1 Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысының, директорлар Кеңесінің және Банктің ішкі аудитінің ерекше құзыретіне жатқызылғаннан басқа, Банктің ағымдағы қызметіне басшылық жасап, күнделікті операцияларын басқаратын Банктің алқалық атқарушы органы болып табылады және Банктің директорлар Кеңесінің алдында өзіне жүктелген міндеттемелерді орындау үшін жауапкершілік көтереді.

11.2 Басқарма акционерлердің Жалпы жиналысы мен директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

11.3 Басқарма директорлар Кеңесімен сайланады және кем дегенде мүшеден құралады. Банктің директорлар Кеңесі жалпы Басқарманың немесе кез келген мүшесінің, соның ішінде Басқарма Төрағасының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

11.4 Басқарманы мүшелерінің арасынан директорлар Кеңесімен сайланатын Басқарма Төрағасы басқарады. Басқарма Төрағасының үш орынбасары, сондай-ақ Банктің директорлар Кеңесімен сайланатын Бірінші Орынбасары болуы мүмкін.

11.5 Акционерлер және акционер болып табылмайтын Банк жұмыскерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшелері директорлар Кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

11.6 Басқарма құрамына сайланатын тұлғалар жоғары білімді болуы керек және Қазақстан Республикасының заңнамасымен банктің басшы жұмыскерлеріне қойылатын басқа талаптарға сәйкес болуы керек, Банк уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Басқарма Мүшелерін сайлау тәртібіне келіседі.

11.7 Басқарма мүшелері бес жылға сайланады және шектеусіз рет Басқарма Мүшесі қызметіне қайта сайлана алады.

11.8 Басқарманың отырыстары қажет болғанда өткізіледі. Отырысқа мүшелердің кем дегенде оннан бірінің қатысса, Басқарма отырысының күші бар деп саналады.

11.9 Басқарма отырысын Басқарманың Төрағасы немесе оны ауыстыратын тұлға шақырады.

11.10 Басқарманың қарауына мәселелерді ұсыну құқығы директорлар Кеңесінің Төрағасына, мүшелеріне, Басқарманың Төрағасы мен мүшелеріне, Банктің ішкі аудит қызметіне, Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына тиесілі.

11.11 Басқарма хатшысы Банк қызметіне қатысты мәселелер бойынша құрылымдық бөлімшелер берген материалдардың негізінде Басқарма отырыстарында қарастыру үшін материалдар әзірлейді.

11.12 Басқарма шешімдері Басқарма отырысына қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады және Басқарма Қаулыларымен рәсімделеді.

11.13 Басқарма құзыретіне жататындар:

а) Банк акционерлерінің жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету;

б) Банк қызметінің негізгі бағыттарын әзірлеп, директорлар Кеңесінің бекітуіне ұсыну;

в) Банктің директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;

г) Банк филиалдарының, өкілдіктерінің және Банктің басқа бөлімшелерінің басшыларын тағайындау және қызметінен босату;

д) Банк құрылымын және жұмыскерлерінің санын анықтау;

е) Банктің ұйымдық бірліктері (бөлімшелері) туралы ережелерді бекіту;

ж) Қаржы есебін әзірлеу;

з) Банк акционерлерінің Жалпы жиналыстарын әзірлеу және өткізу;

и) Акционерлердің Жалпы жиналысының және Банктің директорлар Кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа Банк қызметіне қатысты басқа мәселелерді шешу.

11.14 Басқарма Төрағасы Банктің бірінші басшысы болып табылады және Банктің күнделікті қызметіне басшылық жасайды.

11.15 Басқарма Төрағасы келесі функцияларды атқарады:

а) Акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар Кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

б) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

в) Үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банкті таныту құқығына сенімхаттар береді;

г) Банк жұмыскерлерінің саны мен штат кестесін бекітеді;

д) Банк жұмыскерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады, шығарады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа уақытта), ынталандыру және тәртібі үшін жазалау шараларын қолданады, Банк жұмыскерлерінің лауазымдық жалақы мөлшерін, жеке қосымша ақыларының мөлшерін Банктің штат кестесіне сәйкес белгілейді, Басқарманың, Банктің ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін жұмыскерлерден басқа Банк жұмыскерлеріне төленетін сыйақы мөлшерін белгілейді;

е) өзі болмағанда өз міндеттерін Басқарма мүшелерінің біріне артады;

ж) міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершіліктер аясын Басқарма мүшелерінің арасында бөледі;

з) Банк қызметінің барлық мәселелері бойынша бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді;

и) Ішкі тәртіпті және директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған басқа мәселелерді реттейтін нормативтік құжаттарды бекітеді;

к) Банктің басқа органдарының ерекше құзыретіне жатпайтын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да функцияларды атқарады.

